



БҮІРҮҚ

01.02.2021м.

Талдықорған қаласы

ПРИКАЗ

№ *21-НҚ*

город Талдықорған

Іле ауданы Өтеген батыр кенті «Жылу жүйелері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тариф және тарифтік сметасын төмендетіп бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 10) тармақшасына, 22-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы қағидасының 12-тарау, 1 параграф, 2-бөлім, 607-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Іле ауданы Өтеген батыр кенті «Жылу жүйелері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің:

1.1 қоса беріліп отырған № 1 қосымшаға сәйкес Іле ауданы Өтеген батыр кентінің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне тарифтік сметасы;

1.2. қоса беріліп отырған № 2 қосымшаға сәйкес Іле ауданы Өтеген батыр кенті «Жылу жүйелері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметіне жылу энергиясын есептейтін үйге ортақ есептеу аспаптары бар және аспаптары жоқ тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтері үшін сараланған тарифтері және ақы мөлшері бекітілсін.

2. Іле ауданы Өтеген батыр кенті «Жылу жүйелері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтерін төмендетіп бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 264-НҚ бұйрығының күші жойылсын.

3. Іле ауданы Өтеген батыр кенті «Жылу жүйелері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төмендетілген тарифті енгізу туралы ақпаратты заңнамада белгіленген мерзімде хабарлауы міндеттелсін.

4. Ұйымдастырушылық жұмыс бөлімі (Г. Шарапиева), осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи

монополияларды реттеу комитетіне ұсынсын және интернет-ресурсында орналастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Департамент басшысының м.а.



Д. Калибеков